

## Өмірі - өнеге

**Ойлап отырсақ, адам өмір бойы алға талпынумен, ұмтылумен тірлік кешеді. Алға қойған мақсаттың сарқылмағаны – өмірдің таусылмағаны. Сол мақсатқа жету үлкен сын, абыройлы міндет. Ал ол үшін денсаулық, талмас талап, мейірімді жүрек керек.**



### ► Рауза МОЛДАЙЫП

Біздің кейіпкеріміз медбике Зейнеп Мамырайымова дәл осындай қасиеттерге ие. Ол саналы ғұмырында ерен еңбегімен ұрпақтың саулығына өз үлесін қосып келеді. Өнегелі жанның тағылымды тірлігі жайлы осы жолы айтудың орайы келіп тұрғандай. Өйткені келе жатқан халықаралық Әйелдер мерекесі күні ол елу бестің үлесіне шығады. Енді сәл артқа шегініс жасасақ.

...Зейнеп Ешмұратқызы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданына қарасты Сарытерек ауылында көпбалалы отбасында туды. Әкесі Ешмұрат Райымжанұлы нулы өлкеде орманшы болып істеді. Анасы Мәрия Ертісбайқызы үйдегі жеті қыз бен бір ұлға бас-кез болып, тәрбиелеген абзал ана. Зейнеп мектептен соң Екібастұз қаласына келіп, 1984 жылы мұндағы медициналық колледжден акушер мамандығын алып шықты. Айтқандайын, Жамбыл облысы Луговой ауданы Өрнек ауылында еңбек етті. Тұрмыс құрған соң жанұясымен Екібастұз қаласына қоныс аударды. Ал 1997 жылдан бері Абай Құнанбаев атындағы мектепте медбике болып істеп келеді. Тәжірибелі медбикенің біліктілігі түрлі байқауларда көрініс беріп жүр. Атап айтқанда, 2005 жылы қалалық «Қант диабеті» бойынша өткізілген сайыста I жүлделі орын алды. 2007-2008 жылдары бағалы сыйлыққа түрлі-түсті телевизор табысталды. Абыройлы еңбегі еленіп, әркез құрметке бөленіп келеді. 2011 жылы мұғалімдердің Тамыз конференциясында Құрмет грамотасымен марапатталуы соның бір дәлелі.